

Алматы облысында арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер ұсыну тарифтерін бекіту туралы

Күшін жойған

Алматы облысы әкімдігінің 2025 жылғы 15 қазандағы № 312 қаулысы. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 2026 жылғы 13 наурыздағы № 65 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 13.03.2026 № 65 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінің 142-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы "Арнаулы әлеуметтік қызметтерге тарифтерді қалыптастырудың ережесі мен әдістемесін бекіту туралы" № 281 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32987 болып тіркелген) Алматы облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Алматы облысында арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтер ұсыну тарифтері бекітілсін.

2. "Алматы облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін Эталондық бақылау банкінде жариялау үшін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы қаулыны Алматы облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы облысында арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерін ұсыну тарифтері

№	Мекемелердің түрлері	Қызмет алушылардың түрлері		Күніне 1 қызмет алушының тарифі (теңге)
		Кіші түрі	Қызмет алушының жағд айы	
1	2	3	4	5
1.	Стационар	Мүгедектігі бар және егде жастағы ересек адамдар	1) Орташа және айқын	12027,3
			2) Ауыр	12013,4
			3) Абсолютті	13191,0
		Психоневрологиялық аурулары бар ересектер	1) Орташа және айқын	12408,6
			2) Ауыр	12346,8
			3) Абсолютті	13694,5
		Тірек-қимыл аппараты бұзылған балалар	1) Орташа және айқын	12652,9
			2) Ауыр	12800,7
			3) Абсолютті	13542,2
		Психоневрологиялық патологиясы бар балалар	1) Орташа және айқын	12107,9
			2) Ауыр	12228,7
			3) Абсолютті	13558,4
2.	Жартылай стационар	Мүгедектігі бар және егде жастағы ересек адамдар	1) Орташа және айқын	9879,76
			2) Ауыр	9978,4
			3) Абсолютті	-
		Психоневрологиялық аурулары бар ересектер	1) Орташа және айқын	11 048,0
			2) Ауыр	14 700,0
			3) Абсолютті	-
		Тірек-қимыл аппараты бұзылған балалар	1) Орташа және айқын	9993,6
			2) Ауыр	11 048,0
			3) Абсолютті	-
		Психоневрологиялық патологиясы бар балалар	1) Орташа және айқын	11 048,0
			2) Ауыр	14 700,0
			3) Абсолютті	-

3.	Уақытша болу	Белгілі бір тұрғылықты жері жоқ	9103,0
		Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбаны	7356,0
		Адам саудасының құрбаны	6386,4
4.	Үйде қызмет көрсету		4434,03

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК